

«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
БІРІНШІ САТЫДАҒЫ СОТ

12 шілде 2024

№: AIFC-C/CFI/2024/0022 ic

«GoCrowd Limited» жеке компаниясы

Талапкер

қарсы

(1) «Best advertising company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

(2) Сагиндыкова Фариза Мұхамедияевна ханым

Жауапкер

ШЕШІМ ЖӘНЕ БҰЙРЫҚ

Сот Судьясы:

Мәртебелі Лорд Фолкс КС

ШЕШІМ ЖӘНЕ БҰЙРЫҚ

1. 2024 жылғы 11 шілдеде берілген Талап-арызға сәйкес, Талапкер Соттан Қазақстан Халықаралық Арбитраж орталығының Төрағасы Томас Крюммель мырзаның 2024 жылғы 23 ақпандағы хатымен МАЦ № 6/2024 Арбитраждық ісі бойынша тағайындалған жалғыз арбитр Снежана Куценко ханымның 2024 жылғы 1 шілдедегі Арбитраждық шешімінің VII бөлімінде көрсетілген шараларды тану және орындау туралы бұйрық шығаруды сұрайды.
2. Арбитраждық шешіммен таныса келе, мен бұл өтініштің негізді екенін анықтадым. Осыған сәйкес, мен келесіге бұйырамын:
 1. 2023 жылғы 1 қыркүйектегі №04881-003256/379 атқарушылық жазбасы аясында, «Best advertising company» ЖШС құрылтайшысы Фариза Сагиндыкова ханымның 25,427,037 (жиырма бес миллион төрт жүз жиырма жеті мың отыз жеті) теңге қарыз сомасы шегіндегі үлесіне өндіріп алуды қолдану.
 2. Фариза Сагиндыкова ханымнан және «Best advertising company» ЖШС-нен «GoCrowd Limited» жеке компаниясының пайдасына арбитр ақысын төлеу үшін 300,000 (үш жүз мың) теңге, аудармашы шығындарын төлеу үшін 120,000 (жүз жиырма мың) теңге көлеміндегі соманы ортақ (солидарлық) тәртіппен өндіріп алу.
3. Жауапкерлерге осы Бұйрық оларға табыс етілген күннен бастап 14 күн ішінде оның кейінге қалдыру туралы өтініш білдіруге құқық беріледі.
4. Осы Бұйрық а) жоғарыда, 3-тармақта көрсетілген мерзім аяқталғанға дейін; немесе б) Жауапкердің сол мерзім ішінде берген кез келген өтініші бойынша түпкілікті шешім қабылданғанға дейін, екеуінің қайсысы кейінірек болса, сол мерзімге дейін орындалмайды.

Сот қабылдады,

Мәртебелі Лорд Фолкс КС

Судья, АХҚО соты

Өкілдік:

Талапкердің мүддесін «GoCrowd Limited» жеке компаниясының Атқарушы директоры Алпамыс Алпыс мырза қорғады, Астана қаласы, Қазақстан Республикасы.

Жауапкерлердің өкілі болған жоқ.